

A.E. ЧОТБАЕВ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРИНІҢ ҚАНЖАРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҒҮРҮПТІК РӨЛІ

Орал тауларының онтүстігі мен Каспий теңізінің солтүстік жағалауының арасындағы кең алқап ерте темір дәуірінде қарқынды этно-мәдени процестерге толастап жатты, осыған орай осы өнірді мекендеген халықтардың археологиялық мәдениетінде өзіндік ерекшеліктер қалыптасады. Бұл ерекшеліктер өсіреле олардың кару-жарактары мен әскери ісінен көрініс табады.

Қарастырып отырған аймақ географиялық түркідан Еуразия кеңістігіндегі маңызды өлкеде орналасуы – карудың озық түрлері мен әскери істің жетістіктерін қабылдап, оларды ары же тілдіруге колайлы жағдай туғызды.

Қазақстан археология ғылымында жазба де-ректорде савромат – сармат деген атпен белгілі тайпалық бірлестіктердің кару түрлері мен сауыт-саймандары және әскери ісі шешімін таптаған күрделі мәселелердің бірі.

Қанжар, семсер, садақ пен жебенің үштари, наиза үштари және сауыт жапсырмалары, дұлыға секілді қару-жарак түрлері савромат-сармат жауынгерінің негізгі әскери жабдықтарын құрады. Қарулардың ішіндегі басым бөлігін жебенің үштари алады, наиза үштари қанжарлар мен семсерлерге қарағанда аз кездеседі. Садақтар жасалған шикізатының нашар сақталуына байланысты жекелеген бөлшектері ретінде табылады, ал олардың пішіндері бізге тасқа түсірілген бейнелері арқылы белгілі. Батыс Қазақстан облысының Лебедевка деген ауылының жанынан табылған дұлыға¹, қарастырып отырған өлкенің ежелгі жауынгерлерінде басты қорғайтын киімнің болғандығына дәлел болады.

Ұрыс алаңындағы бетпе-бет шайқаста колданатын кару түрлерінің ішінде қанжарлар ерте пайдада болып, кең қолданылған, сол себепті төменде кару-жарактардың осы түріне тоқталамыз.

Қанжарларды топтауға б.д.д. VII-II ғғ. мерзімделетін екі жүзден астам жерлеу обаларынан табылған қарулардың қарастырып отырған түрі негіз болды. Сонымен қатар кездейсоқ табылған қанжарлар да сұрыпталды.

Қанжарларды асыну түрлерін анықтау мак-сатымен олардың қабірдегі орналасу тәртіplerі ескеріледі.

Қазіргі күні Батыс Қазақстаннан табылған қанжарлар саны жетпістен асады және олардың барлығы дерлік темірден жасалған, кейбіреулері үштықтары мен белдеулері сақталмаган бөлшектер күйінде кездеседі.

Қанжарлар сабының үштығына қарай бес бөлімге, ал бөлім өз ішінен белдеулерінің пішініне негізделіп бірнеше турлерге жіктеледі.

I бөлім – дөғал үштық:

1 түр – бүйрек пішінді. Темірден жасалған қанжардың бұл түрі Алебастрово 2 қорымының 17 обасынан табылған. Ол мұрденің сол жамбасының жанына қойылған. Қанжардың ұзындығы 47 см., екі жақты жүзінің кескіні линза тәрізді. Осыған ұқсас кару түрі Лебедевка 6 қорымының 5 обадан табылған, ол алғашқысына қарағанда ұзындырақ (52 см.).

2 түр – көбелек пішінді. Бесоба қорымының 10 обадан қанжардың ұзынша тәртбұрыш үштығы мен нашар сақталған белдеуі бар сабы табылған. Белдеудің сақталған бөліктеріне қарағанда ол көбелек пішіндес болған. Бұл қанжарларға ұқсас қарулар Жалғыз оба обасының үшінші қабірінен, Сынтас қорымының 1 обасынан, Ақжар қорымының 4 обасынан табылған.

Алебастрово 2 қорымының 12 обасынан табылған қанжар жоғарыда айтылған қарулардан белдемесінің жоқтығымен ерекшеленеді. Оның сабының екі жағында кішігірім ойықтар салынған. Ұзындығы 68 см. Ушбұрышты жүзінің кескіні линза тәрізді. Осы түрге жататын және олардың ішіндегі көнесі болатын карудың үлгісін окушылар Қарғалы өзенінің жағасынан тауып алған. Қанжардың сабына бес жолақ салынған, үштығы түзу, жінішке тәртбұрышты. Жүзі екі қырлы, ортасында қаттылық жолағы бар.

II бөлім – жарты орам пішінді үштықпен.

1 түрі – көбелек пішінді белдеумен. Лебедевка 7 қорымының 16-обасынан табылған қанжар

¹ Багриков Г.И. Отчет об археологической практике студентов-историков Уральского педагогического института. 1966 г. // Э.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты.

жерленген адамның жамбасына көлдененінен қойылған. Сабының ұштығы бір оралып, дөнгеленген қанжардың ұзындығы 41 см. Оның екі жакты жүзі біртіндеп ұшына қарай жінішкереді.

Новопавловка қорымының 5-обасынан табылған қанжардың ұштығы толық сақталмаған, бірақ қалдықтарына қарағанда ол жарты орам пішінді болған деген тұжырым жасауга болады.

Алебастрово 1 қорымының 20-қорғанының о дүниелік заттарының ішінде қанжардың сабы мен жүзінің ұшы кездеседі. Сабының ұзындығы 8 см, ені 2 см, калындығы 1,5 см. Белдеуі салмақты екі бөліктен соғылып жасалған. Қанжардың орташа ұзындығы 37 см. болған.

Матвеевка ауылының жанындағы 5-обадан Б. Н. Граковтың тапқан қанжарының ұштығы дөнгелене келе шенберді түзеді (Граков Б. Н., 1930). Осы түрге жатқызылған қарулар Жалғыз оба, Сынтас (10-оба), ТАУ ауылының жанындағы 1 обадан табылған.

2 түрі – дөгал белдеумен. Бұл түрге жататын қанжарлардың бір үлгісі Лебедевка 7 қорымының 12-обасынан табылған. Қарудың ұзындығы 32 см. Бөрібастау 3 қорымының 7-обасынан табылған қанжар алғашқысынан түзу белдеуімен ерекшеленеді. Бұл қару қабірде жерленген адамның он жамбасының жанына қойылған. Сабының ұшы орак төріздес, бірақ ұштары дөнгеленіп орам болып кетеді. Қарудың ұзындығы 42 см. Белдеуі түзу, әрі ұштығы орак пішіні мен орам пішіндерінің кейбір көріністерін біркітірген қанжардың бұл түрі сирек кездесетін қару үлгілерінің қатарын құрайды. Аталмыш түрдің пайда болуын ежелгі ұсталардың қарастырып отырған қару түрін жетілдіруге байланысты ізденістерінің нәтижесі деп түсіндірген жөн.

III бөлім – орак төрізді ұштықпен.

1 түр – жүрек пішінді белдеумен. Бұл түрге жататын қанжардың біреуі ғана бізге белгілі, ол Шаган қорымының 4-обасынан табылған. Қабірде қанжар ұштығы мен белдеуі ұқсас келген семсермен қатар қойылған.

2 түр – түзу ұзын төртбұрышты белдеуімен. Бөрібастау 1 қорымының 5-обасындағы шығыс қабіріне ер адамның қанқасы шалқасынан жатқызылып, басы онтүстікке бағытталып жерленген. Қанқаның он жақ бойымен қатарластыра ұзындығы 57 см болатын темір қанжар қойылған. Сабы жалпақ, кескіні төртбұрышты, ұштығы орак төрізді, белдеуінің кеңдігі 8 см дейін жетеді.

Дөнгелек қорымының 6-обасында (1-қабір шұнқыры) жерленген жауынгердің он қолының

білек астында осы түрге жататын қарудың бір үлгісі қойылған. Қанжардың жүзінде сақталған ағаштың қалдықтарына қарағанда бұл қару беті алтынмен капталған ағаш қынына салынған. Оның ұзындығы 31,5 см.

Бөрібастау 3 қорымының 7-обасының 9-қабір шұнқырына ер және әйел жынысты екі адам жерленген. Ер адамның қанқасының он жамбасының жанына жүзінің ұзындығы 35 см, сабы 9 см болатын темір қанжар орналастырылған. Қанжар жүзінің кескіні ромб төрізді. Бұл қару қызырып жабыстыру өдісімен екі темір пластинадан жасалған.

Лебедевка 5 қорымының 29-обасынан (1-қабір шұнқыры) табылған қанжар жерленген адамның он қолы мен жамбасының арасына қойылған. Қарудың сабы дөнгелек кескінді, ұштығы орак төрізді, ал жүзінің кескіні ромб түрінде. Ұзындығы 45 см қанжардың жүзінде ағаш қынының қалдықтары сақталған. Жүзінің белдеу тұсындағы ені 5,5 см.

Лебедевка 7 қорымының 6-обасында жерленген адамның он жағына қойылған қанжардың ұштығы толық сақталмаған, бірақ қалдықтары оның орак пішінді болғандығын айқақтайды. Сабының кескіні сопак, ал ромб кескінді жүзінің бойына жолақ салынған. Қанжардың ұзындығы 41 см, ұштығы мен белдеуі қосылған сабының ұзындығы 11 см, жүзінің белдеу тұсындағы ені 5 см.

Осы қорымының 5 обасынан табылған қанжар қабірде орналасуы, пішіні жағынан 6 обадан табылған қаруға ұксайды, бірақ толық сақталмаған: сақталған бөлігінің ұзындығы 28 см, сабы 10 см, жүзінің белдеу тұсындағы ені 4 см.

Лебедевка 7 қорымынан табылған қанжарлардың белдеулері жүзінің жалпақтығымен үйлесіп кеткен. Ал, осы қорымының 16-обасынан (1-қабір шұнқыры) табылған қанжардың белдеуі алғашқылардан сәл ұзын. Қарудың ұзындығы 34 см.

3 түр – белдеуі жоқ қанжарлар. Бұл түрге жататын екі қанжар белгілі. Біріншісі Вишневая балка қорымының 1-обасындағы 2-қабір шұнқырынан табылды. Ол жерленген жауынгердің он қолының білек тұсына орналастырылған. Қанжардың жалпақ жүзі ұшына қарай жінішкереді, сабы сопак кескінді. Қарудың ұзындығы 37 см, ұштығы бар сабының ұзындығы 8 см. Екінші үлгісі Лебедевка 4 қорымының 16-обасынан (2-қабір шұнқыры) шықкан. Жерленген жауынгердің он қолының шынтақ тұсына орналасқан,

ұштығы орақ тәрізді қанжардың белдеуі жоқ. Сабы біртіндеп екі жақты жүзіне ұласып кетеді. Қанжардың ұзындығы 57 см, сабының ұзындығы 14 см. Қарастырып отырған қару ұлгісі жоғарыда суретtelгендерден жүзінің жіңішке өрі ұзын болуымен ерекшеленеді.

IV бөлім – шеңберлі ұштығы бар қанжарлар.

Осы бөлімге жатқызылған қанжарлардың белдеулері түзу. Олардың басым бөлігі б.д.д. III-II ғғ. мерзімделген жерлеу ескерткішінен табылған. Қарастырып отырған бөлімнің ен ұзын қаруы Бөрібастау 3 қорымының 4 обасына жерленген жауынгердің он жақ беліне жақын жерден аршылған. Қанжардың ұштығы дөңгелек, белдеуі түзу. Жүзінің ұзындығы 46 см, белдеу тұсындағы ені 5 см. Қанжар ағаш қынға салынған. Сабы белдеуге қарай кеңейеді, ұзындығы 8 см. Iрі темір сымнан жасалған ұштық шеңберінің диаметрі 4 см.

Бұл қанжарға ұқсас қару Сакрыл 1 қорымының 11 обасынан табылған, оның ұзындығы 31 см.

Жана қазан қорымының 8 обасынан табылған қанжардың жүзі сабына қарағанда кең және ұшына қарай жіңішкереді.

Жоғарыда сипатталған қару түрлеріне ұқсас қанжарлар төмендегі ескерткіштерден табылған: Қарасу 1, 7 оба (ұзындығы 46 см, жүзінің ұзындығы 33 см); Қособа, 12, 15-обалар және 16-обаның 2-қабір шұнқыры (сақталған бөлігінің ұзындығы 33 см), (ұзындығы 47 см), (ұзындығы 54 см); Базартебе 1, 8-обаның 2-қабір шұнқыры (сақталған ұзындығы 33 см); Сакрыл 2, 1-оба (ұзындығы 48 см); Сакрыл 1, 7-оба; Көрлебай, 4-оба.

Жоғарыда айтылған қанжарлардың барлығы жерленген жауынгерлердің он жағына орналасқан. Кейбір қабірлерде қанжарлар жауынгерлердің сол жағына қойылған. Сынтас, 1-оба (батыс қабірі); Құшім 1, 3 обаның бірінші қабір шұнқыры; Лебедевка 7, 16 қорғанының 8- қабір шұнқыры.

Карастырылып отырған бөлімге жататын қанжарлардың кездесісқ табылған ұлгілері де бар: Қарашай (сабы мен ұштығы кескінінде ромб тәрізді, жүзінің бойына салынған екі жолақ біртіндеп қырланады. Ұзындығы 40 см, жүзінің белдеу тұсындағы ені 3,8 см); Рубежка ауылының солтүстік-шығыс шеті (ұзындығы 38 см, ұштық шеңберінің диаметрі 2,2 см, жүзінің ені 2,7 см).

V бөлім – ұштықсыз қанжарлар.

Бұл бөлімге жататын қанжарлар аз кездеседі. Бізге олардың бір ұлгісі белгілі. Ол Лебедевка 5 қорымының 23 обасынан табылған.

Қазақстанның батыс өлкелеріндегі б.д. VII–IV ғғ. мерзімделетін жерлеу ескерткіштерінде көбінесе I–II бөлімнің катарына жатқызылған қанжарлар кездеседі, ал б.д.д. IV ғ. аяқ шеңінен бастап III–IV бөлімнің қанжарлары алғашқыларын біртіндеп ығыстыра бастайды да, III бөлімнің қарулары сан жағынан басым болады.

Ерте темір дәүірінің алғашкы кезеңінің қанжарлары кейінгілерден ұштықтары мен белдеулерінің пішіні бойынша және 50–70 см-ге дейін жететін ұзындығымен ерекшеленеді.

Кейінгі кезеңде ұрысты жүргізудің жаңа тәсілдеріне тиімді болатын семсерлер кең қолданыла бастайды. Осы өзгерістерге орай қанжарлардың ұзындықтары 40–50 см-ге дейін қыскарады. Сонымен катар, қанжарлар шайқастиң белгілі бір шағында ғана колданылатын қосалқы карудың түріне айналады.

Қару түрінің қабірде орналасуын ескере отырыл, тас мүсіндерге бейнеленген жауынгер жабдықтарының орналасуын сұрыптау арқылы қару жаракты асыну тәртібін анықтауға болады. Тас мүсіндерге бейнеленген қанжарлар көп жағдайда белдікке он жағынан асылған. Жоғарыда карастырып кеткен қабірден табылған қанжарлардың басым бөлігі жауынгердің он жақ белінің тұсына орналасқан, бірақ белдіктері теріден жасалғандықтан сақталмаған, олардың қоладан немесе темірден жасалған жапсирмалары және қанжарды ілуғе арналған ворворталары ғана қалған. Қанжардың ұзындығы семсердікінен біршама қыска болғандықтан, ол он жакқа, ал семсер белбеудің сол жағына асылатын болған. Сол себепті, жауынгер қаруларын асынудың осындай тәртібінің орнығы, соғыстың жағдайында қанжарды немесе семсерді тез арада қынынан шығару қажеттілігінен туындаған деген тұжырымға келеміз.

Ерте темір дәүірінің алғашкы ширегінде, карастырып отырған өнірдің әскери ісі мен соғыс тәсілдері көршілес сак-скиф халықтарының атальмыш өнерінен ешқандай айырмашилығы болмаған.

Кейінгі кезеңінде жергілікті көшпелі мемлекеттердің өз ішінде және қөрші елдерде орын алған саяси-әскери оқиғалар әскери істің, соғысу тәсілдерінің айтарлықтай өзгеруіне, яғни жетілуінс әкеліп соқты. Бұл өзгерістердің қарқынды жүргендігінің дәлелі ретінде осы кезеңдегі жерлеу ескерткіштеріндегі қару-жарактардың санының күрт өсүін көлтіруге болады.

Соғысқа толы тарихи кезеңде қарқынды дамып, өрі тез таралатын заттардың ішінде қару

түрлөрі ерекше орын алады. Сонымен қатар, қоғам жетістіктері мен дүниетаным өзгерістері бетіне салынған өрнектер мен бейнелер түрінде көрініс тапқан қару-жараптар сол заманың тарихын терен түсінудегі маңызды дерек болып табылады.

Осы кезге дейін қару-жараптарды зерттеу, сұрыптау, мерзімдерін анықтау және топтау мен талдау жұмыстарымен шектеліп, олардың тұрақтандыру бағытынан бөлек қосалқы, яғни құнделікті өмірдегі ғұрыптық әрекеттерде қолдану саласы зерттеу аймағынан тыс қалды.

Сондықтан, ежелгі халықтардың қоғамдық құрылышын, дүниетанымын, мәдениеттерінің даму бағыты мен деңгейін теренірек ашып көрсетуде бұл заттарды сипаттаумен қатар, олардың қызметін немесе қолдану саласын анықтау керек. Қандай да бір зат пен оған бейнеленіп салынған өнер туындысы ажырамас біртұтас болған ертедегі мәдениеттерде, заттың функциясы бейненің мән мазмұнымен толықтырылып, өмір сүріп отырған әлем туралы үғым-түсінікпен байланысып жатқан.

Ежелгі көшпелілер қоғамында соғыс – өмір салтына немесе тұрақты күн көрістің көзіне айналғанда, жауынгердің беделі артып, қару-жараптар нақты ырым-жораларға бөленеді де, жауынгердің жабдықтары әлем туралы түсініктердің «кітабына» айналады.

Қазақстан даласын ежелде мекендереген шеберлердің қару-жараптардың стилінде өрлеуінде терен мән бар. Қару түрлеріне өсіреле жыртқыш андардың (аю, қасқыр, барыс, қабан) бейнелері, сонымен қатар қиялдан шыққан мақұлыштар (грифон түрлері) орналастырылады. Сауыт-саймандарға ішінәра шөпкоректі жануарлар да (бұғы, елік, арқар, жылқы) бейнеленетін болған.

Қару түрлерінің ішінде аң стилінде жасалған үлгілері қызықты, себебі айтылмыш заттарда ежелгілердің діни сенімдерінің және өлеуметтік жіктелудің таңбасы басылған. Бірақ қарастырылып отырған өнірден табылған қанжарлардың аң үрдісінде жасалғандары санаулығана, сол себепті оларды жеке бөлім ретінде қарастыру мәселесі әлі ашық. Бұндай қанжарлар көбінесе Қазақстанның

солтүстік және шығыс аймақтарынан көп табылады.

Осы үрдісте жасалған қанжарлардың Батыс Қазақстан ескерткіштерінен табылғандарынан бізге бірнеше данасы белгілі.

Алғашқы үшеуі М.Қ. Қадырбаевтың басқарумен қазылған Жалғызоба қорғаны мен Сынтас, Бесоба қорымдарынан табылған: біріншісі Жалғы обаның 1-қабір шұнқырынан, ал екіншісі Сынтас қорымының 1 обасындағы шығыс қабір шұнқырынан, соңғысы Бесоба қорымының 9 обасынан.

Жалғызбадан шықкан қанжар сол заманда екіге бөлінген және нашар сақталуына байланысты оның үштығына бейнеленген аның түрін анықтау кын.

Қазбаның авторының пікірінше, бұл жерге абыз әйел баласымен жерленген².

Сынтас қорымының 1-обасының астына төрт қабір шұнқыры орналасқан, олардың барлығында қанжарлар кездеседі, бірақ шығыс қабірінде жерленген жауынгердің жанына қойылған қанжардың үштығында бір-біріне қаратылған грифондардың бастары орналасқан.

Бесобадан табылған қанжардың үштығы алғашқысынікіне үқсас. М.Қ. Қадырбаевтың айттынша, бұл обаға көсем жерленген³.

Енді бір қанжар Лебедевка 7 қорымының 16-обасынан табылған. Қарудың беддеуі көбелек пішіндес, ал үштығында бейнеленген аның түрлөті анықталмайды.

Оның ұзындығы 52 см⁴.

Володарка 1 қорымының 3 обасынан (батыстағы қабір) табылған қанжардың сабы мен жүзінің бөлшегі сақталған. Сабында андардың бейнесі салынған, бірақ сакталу сапасының нашарлығы андардың түрін анықтауға кедергі жасайды⁵.

Қарастырып отырған қанжарларды әрленуі мен пішінін негізге ала отырып: қатардағы жауынгердің қаруы және көсем-қолбасшының қаруы дег екіге бөліп қарастыруға болады. Қатардағы жауынгерлердің қарулары болып түрпайы жасалғандары есептелсе, қолбасшылардың аң үрдісінде жасалған және алтынмен қапталған қанжарларды жатқызуға болады.

² Қадырбаев М.Қ. Отчет Актюбинского археологического отряда за 1974 год // Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты.

³ Қадырбаев М.Қ. Курганные некрополи верховьев реки Илек // Древности Евразии. М., 1984. С. 84–93.

⁴ Мойкова М.Г., Железчиков Б.Ф., Кригер В.А. Отчет об археологических работах на территории Уральской области и археологическая разведка в Актюбинской области за 1980 г. // Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты.

⁵ Кушаев Г.А. Отчет об итогах археологических раскопок Уральского педагогического института в 1981 г. // Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты.

1 кесте
Батыс Қазақстан қанжарларының түрлері
(б.д.д. VII-II ғғ.)

Табылған жері	I	II	III	IV	V
Борбастау 1. 8 оба			1		
Борбастау 3. 4 оба			1	1	
Бубенцы 2. 3-оба, 2-қабір			1		
Бесоба, 10-оба	1				
Жалғызоба, 1-қабір 3 қабір	1	1			
Сынтас, 1-оба	1			1	
Сынтас, 1-оба, батыстағы қабір			1		
Сынтас, 1-оба, батыстағы қабір		1			
Алебастрово 1. 15-оба, 1-қабір			1		
Алебастрово 1. 20-оба		1			
Карасу 1. 4-оба, 7-қабір					1
Карасу 1. 4-оба, 3-қабір				1	
Чаган. Курган №4					1
Алебастрово 2. 12-оба, 2-қабір	1				
Алебастрово 2. 17-оба	1				
Новопавловка, 3-қабір 1					1
Свистун гора, 1-оба, 2-қабір					
Карашай				1	
Рубежка ауылы.				1	
Дөңгелек, 6-оба, 1-қабір			1		
Мамай, 6-оба, 4-қабір	1				
Қособа, 12-оба					1
Қособа, 15-оба.					1
Қособа, 16-оба, 2-қабір					1
Күшүм 1. 2-оба, 1-қабір			1		
Күшүм 1. 3 қабір			1		
Күшүм 1. 4 қабір.					1
Күшүм 1. 5 оба.					1
Күшүм 1. 3 оба, 1қабір.			1		
Күшүм 1. 4 оба.					1
Вишневая балка. 1-оба, 2-қабір				1	
Лебедевка 5. 23-оба, 1-қабір.					1
Лебедевка 5. 27-оба, 1-қабір			1		
Лебедевка 5. 27-оба, 4-қабір.			1		
Лебедевка 5. 29-оба, 1-қабір.			1		
Лебедевка 7. 5-оба, 1-қабір.			1		
Лебедевка 7. 6-оба.			1		
Базар төбе 1. 8-оба. 1-қабір.					1
Сакрыл 1. 8-оба.					1
Лебедевка 4. 16-оба, 2-қабір				1	
Лебедевка 7. 12-оба		1			
Лебедевка 7. 16-оба, 1-қабір.			1		
Лебедевка 7. 16-оба, 4-қабір.					1
Лебедевка 7. 16-оба, 6-қабір.		1			
Лебедевка 7. 16-оба, 8-қабір.					1
ТАУ ауылы, 1-оба, 1-қабір.		1			
Сакрыл 1, қорған 11.					1
Сакрыл 2. қорған 1.					1
Кызылжар, 1-оба	1				
Үлгілі 1. 6-оба			1		
Үлгілі 2. 5-қабір			1		
Володарка 1. 3-оба	1				
Солянка 2. 8-оба, 2-қабір				1	

Жауынгердің қоғамдағы өлеуметтік орнын анықтауда жоғарыда тоқталған қанжар түрлерімен катар бағалы металдармен алтападын қаруларды да қарастырылған жән. Осындай қанжардың бір үлгісі Бесоба қорымының 4-обасынан табылған. Ұштығы төртбұрышты (брусковидный), белдеуі көбелек пішіндес қанжардың сабы алтынмен алтапады³. Енді бірі Солянка 2 қорымының 8-обасынан табылған. Оның орақ тәрізді ұштығы мен жузі алтынмен алтапады. Бұл қанжарды Г.А. Кушаев алтын фольғаның қару жүзінің ұшын жауып түрған тұсы жыланның басына ұқсас деген суреттеген⁴.

Жоғарыда айтылғандай, жауынгерлердің қоғамдағы өлеуметтік статусының көрсеткіші болатын қанжарларды ғұрыптық өрекеттерде де пайдаланған.

Әскери демократиялық қоғамда сыртқы жаулардан қорғайтын жауынгерге біртіндел тылсым күштерден қорғаушы қызметі таңылып, көсем-жауынгер жауынгер-абызға айналады да қару-жарақтары магиялық мәнге ие бола бастайды. Ежелгі халықтардың әлемге деген көзқарасы мен

діни наным-сенимдері андарды бейнелеу өнерінде мүмкіндігінше толығырақ берілген деген болжам жасай отырып, жоғарыда қарастырылған қару-жарақтарға және ондағы аң бейнелерін негізге ала отырып, оларды соғыс жағдайында қолданумен бірқатарда ғұрыптық іс-өрекеттерде де пайдаланған деген тұжырымға келеміз.

Қорыта келе қару-жарақтарды зерттеуде оларды жіктең, топтарға бөліп қана қоймай олардың пішіні мен өрленуін сұрыптау арқылы қосалқы қызметтерін анықтауға мөн беру керек.

Резюме

Данная работа посвящена кинжалам древних кочевников Западного Казахстана, разработана их классификация. Так же, рассматриваются проблемы ритуально-обрядовой практики, где использовались эти виды оружия.

Summary

This article is devoted daggers of ancient nomads of Western Kazakhstan, daggers classification is developed. As, the problems of ritual and ceremonial practice are considered, where these kinds of the weapon were used.

³ Кушаев Г.А. Отчет об итогах проведения охранных археологических исследований в Уральской области в 1982 году. // Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты.